



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 10/36
11 наурыз



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

АРДАҚТЫ АНАЛАР! АЯУЛЫ АРУЛАР!



**Халықаралық
әйелдер күнімен!**

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер.

Ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласты. Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдер де аз емес.

Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды.

Отбасы институтын, көп балалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыты.

Сіздердің шығармашылық және кәсіби біліктіліктеріңізді арттыру үшін барлық жағдай жасалуда.

Алдағы уақытта талантты да талапты әйелдер қоғамдық-саяси өмірдің түрлі саласында зор жетістікке жететініне сенеміз.

Дорогие, милые женщины!

Примите искренние поздравления с Международным женским днем 8 Марта — праздником весны, любви и красоты.

Этот весенний, пронизанный светом, теплом, празд-

ник всегда ассоциируется с лучшей половиной человечества.

Гармонично сочетая заботу о семье и уюте домашнего очага, вы ярко проявляете себя во всех сферах жизнедеятельности, добиваясь успехов в экономике и бизнесе, образовании и здравоохранении, культуре и спорте. Благодаря вашей интуиции, мудрости, доброте и сострадательности воплощаются в жизнь важнейшие идеи и социальные проекты, направленные на развитие нашего города и всей страны.

Сегодня мы благодарим вас за то, что вы у нас есть. Спасибо вам за вашу теплоту, душевную щедрость и постоянную поддержку.

От всей души желаю вам крепкого здоровья, отличного настроения, семейного благополучия и любви!

Аяулы арулар!

Сіздерді жыл мезгілінің ең көрікті де қуанышты мезгілі көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Отбасыларыңыз бен өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Приозерск қаласының әкімі
Сатаев С.Қ.**

АНАЛАР МЕРЕКЕСІ ҚҰРМЕТІНЕ



Қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының ғимаратында халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында түскі сағат 12.00-де барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге келетін, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған Приозерск қаласы әкімінің салтанатты қабылдауы болып өтті және әйелдер күніне орай қала әкімінің нәзік жанды жаратылыс иелеріне шынайы ықыласымен арнаған кішігірім сыйлығы таратылды. Арнайы шақырылған аналар өздері үшін арнайы дайындалған мерекелік дастарханнан дәм татып, өздеріне көңіл бөлген қала әкіміне, мекеме басшыларына алғыстарын айтты. Естелік суретке түсті. Залға орналастырылған балалар шығармашылығы көрмесін тамашалады. Ондағы жас суретшілердің аналар мерекесіне арналған шығармалары, балдырған техниктердің құрастырған консрукторлық көпішілігі бұйымдары таң-тамаша қалдырды.

Сахнаға көтерілген қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев әйел-аналарды, атап айтқанда Алтын және Күміс алқа иегерлерін, мүгедегі бар жандар мен мүгедек балалар бағып отырған аналарды, басқа да әлеуметтік топ қатарына жатқызылған әйелдерді құттықтап, жылы лебізін арнады. Олардың қоғамдағы орнына, еліміз бен қаламызды дамытуға қосып жүрген сүбелі үлестері үшін алғыс сезімін білдірді.

Салтанатты қабылдаудың соңы Қарағанды және Астана қалаларынан келген өнер тарландарының мерекелік концертіне ұласты. Өншілер Балауса Абдуалиева, Жандос Иманбай және «Балауса» тобы орындаған «Бала махаббаты», «Қыздар, қыздар», «Екі жұлдыз», «Таң сыр», «Көзіннің мөлдірін ай», «Ягода малинка», «Ты далеко», «Синяя веч-

ность» тағы басқа әсем әндерімен тыңдаушыларға мерекелік сый жасап, құлақ құрышын қандырды. Тамашагөйлердің қол шапалағы мен ризашылығына бөленді.

8-наурыз – халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиынның және концерттің жалғасы сол күнгі түстен кейінгі 16.00 сағатта басталды. Жиынға қаладағы мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдарда қызмет ететін әйел-аналар қатынасты.

«Асыл аналар, ақ жаулықты әжелер және қызғалдақтай құлпырған арулар! Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Аналар – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын дінгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі айтылатын ақ тілек, жылы сөз, күмбірлеген күй, шырқалатын ән тек сіздерге арналады!», - деген жүргізушінің ыстық ықыласынан кейін Халықаралық әйелдер күніне орай Приозерск қаласы әкімінің мереке иелеріне әдейілеп арнаған сыйлықтары таратылды. Қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев бүгінгі салтанатты жиналған әйел-аналарды құттықтаған соң, кезек марапаттау рәсіміне берілді. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен Приозерск қалалық мәдени-демалыс орталығы директорының орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева марапатталды. Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты № 1-ші мектептің математика пәні мұғалімі Назира Жарылқапқызы Шакетоваға және «Приозерск Жил Сервис» ЖШС-нің қызметкері Айнагүл Қашқынбаевна Панаеваға табысталды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

АНА – АСА ҚЫМБАТТЫ ЖАН



Өмірдің мәні, тіршіліктің сәні – әйел. Ол – тіршіліктің тамыры, шаңырақтың ұйытқысы. Сондықтан әйел затының қоғамдағы, адамзат өміріндегі орны мен рөлі ерек. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарға құрмет көрсету – күллі

адамзаттың парызы. Қазақ халқы да қашаннан қыздарын қадір тұтып, төрінен орын ұсынған. Осынау көктемнің алғашқы мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жан-дарға арналғаны қандай тамаша! 1910 жылы Копенгаген қала-

сында өткен Халықаралық социалист әйелдердің конференциясында Клара Цеткин 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күні мерекесі етіп жариялады ұсынды, және де өз құқықтарымен теңдіктері үшін күресуге шақыратын үндеуін оқыды. Бұл үндеу дүнижүзінің көптеген елінің әйелдерінен қолдау тапты олар тек ғана өз құқықтар үшін күресуді ғана емес кедейшілікке, еңбек ету құқығымен ар-намыстың тапталмауына және де бейбітшілік үшін күресетіндерін білдірді.

Билікке Кеңес Одағы келісімен 8 Наурыз мерекесін мемлекеттік мереке ретінде қабылдады. 1965 жылдан бастап бұл күн күнтізбеде қызылмен белгіленді.

2023 жылы 6 наурызында, Приозерск қалалық кітапханасы кмм-нің балалар бөлімінде халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Ана-аса қымбатты жан» атты мерекелік кеш өткізілді. Бұл мерекелік кешке Жуматаева Айжан Айдарбековна көпбалалы ана қатысты. Осы кеште балалар өз өнерлерін көрсетті. Мұндағы мақсатымыз балаларға аналарды құрметтеуге, ана

еңбегін ардақтауға баулу, қыздарды әрдайым сыйлап жүруге тәрбиелеу.

Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін ана деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан анадан көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші!

Құрметті ақ жаулықты аналар, аяулы қыздар сіздерді көктемнің шуақты мерекесімен құттықтаймыз! Әрқашанда шаңырақтарыңыздың берекесі болып, жүздеріңізден нұр шашып жүре беріңіздер. Сіздерге зор денсаулық пен баянды бақыт тілейміз!

Ж.Калабаева,
«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ балалар бөлімінің кітапханашысы

**2023 ЖЫЛ 19 НАУРЫЗ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ**

**ҚҰРМЕТТІ ҚАРАҒАНДЫ
ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!**



Мен, Қалыков Арман Қобыландыұлы, 1973 жылдың 31 қаңтарында Ақмола облысының Ақсу кенішінде дүниеге келдім.

1980 жылдан бастап 1988 жылға дейін Шахтинск қаласындағы №3 орта мектепте білім алып, одан кейін Абай тау-кен техникумына түстім.

Өзімнің еңбек жолымды 1991 жылы «Ленин атындағы» шахтаның №3 учаскесінде жерасты тау-кен жұмысшысы болып бастадым.

1998 жылы Қарағанды политехникалық институтын тәмамдап, тау-кен инженері дипломын алдым.

Жерасты тау-кен жұмысшысынан көмір департаментінің директорына дейін ұзақ еңбек жолын жүріп өттім.

Шахтинск қалалық мәслихатының 4 және 5 шақырылымдағы, Қарағанды облыстық мәслихатының 6 және 7 шақырылымдағы депутаты, шағын және орта бизнесті дамыту, өнеркәсіп, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі болдым. Мен «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасарымын.

Үйленгем, үш балам бар.

Құрметті жерлестер!

Мен өңірдегі тұрғындардың, оның ішінде негізінен кеншілер мен металлургия өндірісшілерінің мәселелерін жақсы білемін. Студенттік шақтан бастап менің бүкіл өмірім ауыр және зиянды өндіріспен үздіксіз байланысты.

Халық қалаулы ретіндегі басты міндетім-азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсарту, олардың мүдделерін қорғау деп санаймын. Сондықтан, өз бағдарламамда өңірдің экономикалық дамуына және әлеуметтік саладағы сапалы жақсартуларға, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға басты назар аударуға тырысамын.

Менің сайлауалды бағдарламамның негізінде - Шахтинск қалалық және Қарағанды облыстық мәслихаттарының депутаты болып жұмыс істеген және көмір өнеркәсібіндегі кәсіби қызметім кезіндегі жинақталған өмірлік және өндірістік тәжірибем мен өңіріміздің тұрғындары жеткізген проблемалары және ұсыныстары бар.

Жан-жақты әлеуетке ие бола отырып, мен қарағандылықтардың гүлденген, қауіпсіз, күшті және әділ Қазақстанды құруға бағытталған идеялары мен міндеттерін іске асыруға дайын екеніне сенімдімін! Мен өңіріміздің негізгі мәселелерін өзім жақсы білемін және оларды шешу үшін жүйелі түрде жұмыс істеуге дайынмын.

Менің басымдықтарым:

- Жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың табысын арттыру
- Ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны тежеу
- Кәсіпкерлерді қолдау
- Туризмді дамыту
- Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету
- Автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту
- Сапалы сумен және орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету
- Сапалы білім беру үшін жағдай жасау
- Медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру
- Бұқаралық спортты дамыту
- Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсету:
- Жастарды қолдау

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! Бұл Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған жағдайда, менің іске асыруға ниет білдірген негізгі міндеттерім. Әрине, күнделікті өмірде әрқайсымызда әртүрлі мәселелер туындауы мүмкін. Егер біз оларды бірігіп қолға алсақ, шешімін табамыз. Менің өмірлік ұстанымым: «Мен әрқашан халықпен біргемін!».

Құрметпен, Арман Қалыков!

Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.

**19 МАРТА 2023 ГОДА - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ!**

Я, Калыков Арман Кобыландынович, родился в руднике Ақсу Ақмолинской области 31 января 1973 года.

С 1980 по 1988 годы обучался в СШ №3 города Шахтинска и поступил в Абайский горный техникум.

Свою трудовую деятельность начал в 1991 году подземным горнорабочим на участке №3 шахты им. В.И.Ленина.

В 1998 году закончил Карагандинский политехнический институт, получив диплом горного инженера.

Прошел большой путь от подземного горнорабочего до директора угольного департамента. Являлся депутатом Шахтинского городского маслихата 4 и 5 созывов, Карагандинского областного маслихата 6 и 7 созывов, был членом постоянной комиссии по промышленности, развитию малого и среднего бизнеса, аграрным вопросам и экологии. Являюсь председателем заместителем регионального общественного совета по вопросам семьи и социальной защите населения при Карагандинском областном филиале партии «AMANAT». Женат, трое детей.

Дорогие мои земляки!

Мне хорошо известны насущные вопросы жителей нашего региона, среди которых в основном представители шахтеров и металлургов. Вся моя жизнь, начиная со студенческой скамьи, непрерывно связана с тяжелым и вредным производством. Своей главной задачей, как народного избранника, считаю улучшение благосостояния наших граждан, защиту их интересов. Поэтому в своей программе стараюсь акцентировать внимание на экономическом развитии региона и качественных улучшениях в социальной сфере, вопросов промышленной безопасности и создания безопасных условий труда.

В основе моей предвыборной программы – накопленный жизненный и производственный опыт, проблемы и предложения, озвученные жителями нашего региона во время моей работы депутатом Шахтинского городского и Карагандинского областного маслихатов и, конечно же, во время моей профессиональной деятельности в угольной промышленности.

Обладая всесторонним потенциалом, я уверен, что карагандинцы готовы к реализации идей и задач, направленных на построение благополучного, безопасного, сильного и справедливого Казахстана! Яне понаслышке знаю основные проблемы нашего региона и готов системно работать над их решением.

Мои приоритеты:

- Создание новых рабочих мест и повышение доходов населения
- Развитие сельского хозяйства, обеспечение продовольственной безопасности и сдерживание цен
- Поддержка предпринимателей
- Развитие туризма
- Обеспечение населения жильем
- Улучшение состояния автомобильных дорог
- Обеспечение качественной водой и централизованным газом
- Создание условий для качественного образования
- Повышение доступности медицинского обслуживания
- Развитие массового спорта
- Для поддержки лиц с особыми потребностями я буду содействовать:
- Поддержка молодежи

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ! Это основные задачи, которые я намерен реализовывать в случае избрания депутатом Мажиліса Парламенті Республики Казахстан. Безусловно, в повседневной жизни у каждого из нас могут возникнуть различные проблемы. И они будут решены, если мы будем вместе и едины. Мой жизненный девиз: «Я всегда с народом!».

С уважением, ваш Арман Калыков!

Оплачено из средств Республиканского бюджета

«ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН» ӘКІМ ТУРНИРИ



Өткен сенбі күні Приозерск қаласындағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының ғимаратында «Қала әкімінің кубогына қазақ күресі» турнирінің ашылу салтанаты және Қарағанды, Приозерск қалаларының, Мойынты мен Сарышаған кенттерінің спортшы балаларының басын біріктірген қазақ күресінен белдесу болып өтті. Қалада алғаш рет ұйымдастырылып отырған аталған балуандар белдесуін қала тұрғындары, қаламыздағы мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар басшылары, қызметкерлері мен спорт жанкүйерлері келіп тамашалады. Жуықта ғана әкелініп, еденге төселген су жаңа спорттық кілемге қонақтар мен жанкүйерлер таңдана да, тамсана қарап, қала басшыларының салауаттылық салтына жасап отырған қамқорлығына өз ризашылықтарын білдірді. Жарыс бағдарламасын мәдениет үйінің басшысы Марс Сүлейменов жүргізді.

мәдениетке, өнерге, руханиятқа, спортқа, денсаулықты сақтауға баулу үшін қала әкімдігі тарапынан қолдан келер шаралардың барлығы жасала беретінін, бүгінгі жақсы бастаманың алдағы уақытта жалғаса түсетінін, осынау балғын балалардың арасынан ертеңгі күні елімізге, әлемге танымал чемпиондар шығанынына сенім артанынын айттып, жас спортшыларға сәттілік, жеңіс, жетістік тіледі. Қаламыздың ардагері, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, Сайлау қажы Смағұлұлы балаң балуандарға ақ батасын берді. Спорт ардагері Жәлі Әбдімүтәліпов қаламызда жасалып жатқан игі істер, балалар және жасөспірімдер спортын дамытуға қала әкімдігі тарапынан істелініп жатқан қамқорлық пен қолдаудың артып келе жатқанын, ол үшін ризашылығын білдіріп, жас буынның спортқа, соның ішінде күрес өнеріне болған ынта-ықыласына тәнтілігін, денсулықты сақтаудың ең басты кепілі



Еліміздің Әнұраны ойналғаннан кейін тамашағой жұрттың асыға күткен күрес жарысының салтанатты ашылуын қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев құттықтау сөзбен бастап, өскелең ұрпақты

– спорт екенін жеткізді және баршаны спортпен шұғылдануға шақырды. Таңертеңгі сағат оннан өте басталған қазақ күресінің белдесу додасы кеш батқанша жалғасты. Сырттан келген қонақ спортшылар мен олардың

жаттықтырушылары үшін қала әкімдігі дайындаған түскі ас берілді. Тартысты өткен қазақ күресі сайысының қорытындысы бойынша төрешілердің шешімімен төмендегі жүлдегер балуандар мен командалар айқындалды:

23 келі салмақта 1-орын – Рақыш Жансерік (Приозерск);
2-орын – Әділет ұлы Аслан (Приозерск);
3-орын – Науат Азат (Сарышаған) және Әлмухан Ерсін (Сарышаған).
26 келі салмақта 1-орын – Төлеуқұл Омар (Сарышаған);
2-орын – Әбілда Айбар (Приозерск);

3-орын – Мадбек Алихан (Сарышаған) және Алибай Айсар (Приозерск).
42 келі салмақта 1-орын – Такен Ильяс (Сарышаған);

2-орын – Қожалепесов Нұртілек (Приозерск);
3-орын – Сейтқали Алмаз (Приозерск) және Медетұлы Мейіржан (Приозерск).

46 келі салмақта 1-орын – Мадихан Бақдаулет (Мойынты);
2-орын – Аман Еламан (Тасарал);
3-орын – Балта Арнур (Мойынты) және Мағауия Едіге (Тасарал).
50 келі салмақта 1-орын – Шалқар



3-орын – Ратбай Мирас (Приозерск) және Тоқталған Бейбарыс (Приозерск).

29 келі салмақта 1-орын – Саят Нұрасыл (Сарышаған);
2-орын – Жәнібек Аян (Сарышаған);
3-орын – Аманқұл Айдын (Сарышаған) және Бақытжан Занғар (Приозерск).

Алинура (Сарышаған);
2-орын – Бектас Жігер (Мойынты);
3-орын – Қуаныш Муслим (Приозерск) және Қуаныш Ислам (Приозерск).

55 келі салмақта 1-орын – Қарабай Жантөре (Сарышаған);
2-орын – Төрмұрат Мадихан (Приозерск);



32 келі салмақта 1-орын – Сулайман Ерлан (Приозерск);
2-орын – Қуаныш Айтуған (Мойынты);

3-орын – Аманқұл Еркебұлан (Мойынты) және Сайық Бексұлтан (Қарағанды).

35 келі салмақта 1-орын – Ғалым Батырхан (Қарағанды);
2-орын – Анафия Бахытбек (Приозерск);

3-орын – Ақжолов Амир (Сарышаған) және Өтеген Нұрасыл (Приозерск).

38 келі салмақта 1-орын – Көпбай Досаман (Сарышаған);
2-орын – Тоқталған Ибрахим (Приозерск);

3-орын – Жеңіс Мұхамед (Қарағанды) және Еркебұланұлы Ерұлан (Приозерск).

+55 келі салмақта 1-орын – Көкірекбай Нұрасыл (Мойынты);
2-орын – Жиенбаев Бекнұр (Приозерск);

3-орын – Жасұлан Абдухақарман (Приозерск) және Жаманқұл Айтөре (Мойынты).

Жалпы командалық есепте:
1-орын – Сарышаған кенті;
2-орын – Приозерск қаласы;
3-орын – Мойынты кенті.

Жеңімпаз командалар мен жүлделі орын алған балуандарға қала әкімінің кубогы мен қарылай сыйлықтары табысталды.

САЙЛАУҒА АТУСТІ ҚАРАМАЙЫҚ!

19 НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!



СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

Әрбір сайлау азаматтардың саяси мәдениетін көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар елімізде саяси үрдістердің толыққанды эволюциялық даму шарттарын құруға жол ашады. Қоғамда ел тағдыры шешілетін маңызды науқанға атүсті қарап, сайлауда дауыс беруге ынтықсы жоқ жандар да кездеседі. «Отан отбасынан бас-талады» деуші едік. Тұрғындар неге отбасылық тұрғыдан ғана ойланып, елдік маңызы бар шаруаларға бас ауыртпайды? Тұрмыс тауқыметі ме, әлде идеологиялық жұмыстың ақсап тұрғаны ма?

Жалпы, сайлау десе жұртшылықтың елең ете қалатыны рас. Дауыс беруге бармағандардың өзі «кім жеңіске жетті екен?» деп сайлаудың қорытындысын білуге асығады. «Менің дауысым не шешеді?» дегендердің үйдің сыртында саясат жайлы сайрай жөнелетінін талай көрдік. Сайып келгенде, елдің тағдыры шешілетін маңызды науқан туралы әр тұрғынның өзіндік пікірі бар. Ендігі жерде сайлаушылардың белсенділігін арттырып, баянды болашаққа деген сенімді қалыптастыру маңызды.

Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында көтеріп, сайлау жүйесін жаңғыртуды тапсырған болатын. Себебі көпшілік депутаттарға сену былай тұрсын, көпшілігін танымайды да. Мәжіліс депутаттары өз алдына, жергілікті атқарушы билік тұрғындармен дұрыс байланыс орнатпаған. Соның салдарынан халық сайлауға селқос қарайды. Әр дауыстың маңызды екеніне сенбейді. Осындай олқылықтан кейін Президент аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынған болатын. «Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы. Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір

аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді», деген еді Мемлекет басшысы.

Кез келген сайлау өтетіні алдын ала белгілі болады. Маңызды науқанға дайындық жұмыстары ерте қолға алынады. Дауыс беру күні ұйымдастырушылар ақ тер, көк тер болып жанталасып жүргені. Мемлекеттің болашағына бейжай қарамайтын тұрғындар да таңнан таңдауын жасап, белсенділік танытады. Ұйымдастыру жұмыстары жан-жақты жүргізіліп жатыр. Дауыс беруге ниет болса жеткілікті. Денсаулық жағдайына байланысты учаскеге келе алмайтын азаматтарға олардың өтініші негізінде комиссия мүшелері үйлеріне барады. Тіпті уақытша ұстау изоляторларында дауыс беру орны қарастырылған. Сонда темір тордың ар жағындағы азаматтың өзі таңдау жасап жатқанда, тепсе темір үзетін азаматтың да-уыс беруден қалыс қалуы қаншалықты ақылға сыйымды?

Қоғамдағы кемшілік пен олқылық көптің көмегімен, таңдауымен түзеледі емес пе. Қазақ елінің жағдайын сырттан келіп біреулер жөндеп бермейтіні бесенеден белгілі. Елдік мәселе де көптің ұсынысымен, кез келген деңгейдегі сайлауға барып, өз таңдауын жасаумен шешілетіні анық. Демократиялық сайлау мен елдік мәселені ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Ендеше, сайлауда дауыс беру – әр азаматтың міндеті һәм парызы. Сіз бен біздің берген дауысымыз арқылы еліміздің болашағының тағдыры шешілетін. Ал, азаматтары немқұрайдылық танытқан қоғамның тасы өрге домаламайтыны айдан анық. Өсетін елдің азаматтары сайлауда өз таңдауын жасайтыны сөзсіз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ПАМЯТКА ДЛЯ ИЗБИРАТЕЛЕЙ: КАК ГОЛОСОВАТЬ НА ВЫБОРАХ 2023 ГОДА?

19 марта жители Казахстана выберут депутатов мажилиса и маслихатов. Голосование пройдет по новым правилам, принятым после референдума по изменениям в Конституцию. Впервые с 2004 года депутатов будут избирать

по смешанной системе – казахстанцы смогут голосовать не только за партийных, но и за независимых кандидатов. В разборе Orda.kz объясняет, как пройдут выборы и как голосовать.

КАК БУДЕТ СФОРМИРОВАН МАЖИЛИС?

После прошлогодних изменений в Конституцию мажилис теперь состоит из 98 депутатов (было 107), 69 из них будут выбраны по партийным спискам, а

остальные 29 – по одномандатным округам из самовыдвиженцев. Срок полномочий депутатов мажилиса – пять лет.

КАК БУДУТ СФОРМИРОВАНЫ МАСЛИХАТЫ?

Одновременно с выборами в мажилис 19 марта пройдут выборы в маслихаты. Число депутатов одного маслихата зависит от населения местности, где они избираются. Половина кандидатов в областях будет избра-

на по партийным спискам, оставшаяся половина – по одномандатным округам. В районные маслихаты будут набирать 100% кандидатов-одномандатников. Срок полномочий депутатов маслихатов также пять лет.

СКОЛЬКО БЮЛЛЕТЕНЕЙ ПОЛУЧИТ ИЗБИРАТЕЛЬ?

Жители городов республиканского значения: Алматы, Астаны и Шымкента получают по четыре бюллетеня разных цветов.

Голубого цвета будут бюллетени для голосования по выборам депутатов в мажилис по партийным спискам.

Зеленого цвета для голосования по выборам депутатов в мажилис по одномандатным территориальным избирательным округам.

Пурпурного цвета для голосования за кандидатов в маслихат области или города республиканского значения по партийным спискам.

Оранжевого цвета для голосования за кандидатов в маслихат области или города республиканского зна-

чения по одномандатному территориальному избирательному округу.

Во всех остальных областях бюллетеней будет пять. Казахстанцы получают дополнительный бюллетень серого цвета для голосования на выборах своего районного или городского маслихата по одномандатному территориальному избирательному округу.

В бюллетенях на выборы как в маслихаты, так и в мажилис будет графа «Против всех».

На сайте Центральной избирательной комиссии есть страница со всеми кандидатами в мажилис по всем городам и областям. Партийные списки для выборов в маслихаты доступны на сайте SailauNews.

КАК ПРОГОЛОСОВАТЬ НЕ ПО МЕСТУ ПРОПИСКИ?

С 4 по 18 марта избиратели смогут получить открепительное удостоверение – оно даёт возможность голосовать в других городах и районах, если в день выборов избиратель не может быть на участке по месту прописки. После, избиратель регистрируется в получении бюллетеня и голосует на любом избирательном участке на общих основаниях.

Для получения открепительного удостоверения необходимо обратиться в территориальную избирательную комиссию по месту прописки. На основании удостоверения лич-

ности и заявления об откреплении, вам выдадут необходимый документ. Открепительное удостоверение выдается в одном экземпляре, а утраченные удостоверения восстановлению не подлежат. Также получить открепительное за вас может другой человек на основании доверенности.

Чтобы проголосовать в иностранном государстве, открепительное удостоверение не нужно. Гражданину необходимо просто прийти в посольство/консульство Республики Казахстан и предъявить паспорт.

КОГДА СТАНУТ ИЗВЕСТНЫ РЕЗУЛЬТАТЫ ВЫБОРОВ?

Казахстанцы смогут проголосовать на своих участках 19 марта с 07:00 до 20:00 по местному времени. После закрытия избирательных участков комиссии начнут подсчет голосов.

В Казахстане не существует электронной системы подсчета бюллетеней, поэтому считать их будут вруч-

ную. Оглашение итогов, вероятно, будет, как и всегда, на следующий день после выборов. Насколько подробные данные будут опубликованы – неизвестно, требований к ЦИК в законодательстве по этому поводу нет.

ТАБИҒАТ НҰРҒА БӨЛЕГЕН ЖЕР


«ЕРЛЕР АТА»



Дүниежүзілік қауымдастық көне де, әсем өлкеміздің тек шығыс жағын ғана емес, көптеген киелі мекендердің әлемдік өркениеттің бесігі болғанына куә болып, мойындап отыр. Осы құтты өлкеден қаншама ұлы ғалымдар, ғұламалар, саясаткерлер, қолбасшылар өсіп шықты. Олар бүкіл адамзатқа адалдық пен әділеттілік, мейірімділік, турашылдық, тазалық пен ізгілік қағидаларын кейінгі ұрпаққа жеткізуде үлкен еңбек сіңірді. Имам әл-Бұхари, Әбу Иса ат-Тирмизи, Имам Мотуриди, Бурханиддин Марғилани, Махмуд Замахшари сынды ғұламалар асыл тағылымдарымен, өнегелі өмірімен әулие дәрежесіне жеткен, Ахмад Ясауи, Наджмуддин Куброду, Абдухолики сияқты сопы шейхтер солардың қатарында. Ата-бабаларымыз осынау ардақты тұлғалардың ерен еңбегі мен есімдерін тарихта мәңгі қалдыру үшін оларға арнап зәулім кесенелер тұрғызған. Уақыт өте бұл ескерткіштер киелі орындарға, мәртебелі зиарат орындарына айналды.


– Нұратадағы бұлақтың жанында жерленген шейх Илияс. Нұр атаны жергілікті халық ерекше құрметтеген және ол халықтың рухани өркендеуіне зор үлес қосқан тұлға.

Қоғамда адамгершілік, ізгілік, имандылық сияқты асыл қағидалардың орнығуына зор үлес қосқан сопылық шейх. Әлішер Науаидың «Насайим ул-Мухаббат» атты еңбегінде шейх Илияс туралы мәлімет беруі оның халық арасында қаншалықты танымал екенін көрсетеді. Жергілікті тұрғындар көктемдегі балықты киелі санап, оларға зиян келтірмеуге тырысады. Нұрата қаласы Оқтау мен Қаратау арасында орналасқан және үнемі туристер мен ғалымдардың назарында. Бұл жер өзінің ерекше табиғатымен, еңбекқор халықтың қайталанбас дәстүрімен, таза жүрегімен, адал ниетімен, кең пейілділігімен ерекшеленеді. Ақынның келесі Нұратаға арнаған өлеңі бекер айтылмағанына ел-жұрт куә болды. Табиғат жетпіс нұр берген бұл жерді олар Нұрата деп атайды,



Кең байтақ қазақ жерінің қай жеріне барсаң да, табиғаты ғажап, әулиелі де киелі жерлер жетіп-артылады. Кешегі кеңестік жүйе үстемдік еткен заманда сондай жерлердің шежіре-тарихын білуден кенде қалғанымыз жасырын емес. Қазақстанның бір бөлшегі болып саналған ұлы Қызылқұм мен Тау-елібай өлкесіндегі жерлер – Тамды, Үшқұдық, Кенімық және Нұрата аумағын халықтың пікірімен санапай, Өзбекстанға бере салғанын

Бұлақтың суы игі адамдардың назарына ілікпесін деп, құдық етіп қоршап қойған. Мұнда қысы-жазы суы бар. Ұңғымада жиналған тіршілік нәрі құбыр арқылы дәл төменде орналасқан хауызға жиналады. Ерлер ата кесенесіне көптеген көп адам келеді. Мұнда келген емделушілер бұлақ суынан ішіп, сырқаттарынан айыққандай жеңілдеп жатады екен. Өйткені топырақта күмістің бар екені анықталған. Тәңірдің берекесі – мөлдір су осы топырақтан шығады.



Ұлтымыздың рухани мұрасы саналатын осынау көне тарихи ескерткіштер Тәуелсіздік жылдарында мәртебелі мемлекет басшысының бастамасымен жөнделіп, жаңаша кейіпке енді. Олардың қатарында Науаи облысының Нұрата қаласында орналасқан «Қалһай Нұр» және «Чашмай Нұр» тарихи-сәулеттік ансамблі бар. Нұр ата атанған адам

Егер сіз оны көрмесеңіз, бұл қате. Заңғар таулары көгілдір, аспан бағанасындай, Ежелден бақтарды жұмақ дейді, бұл жұмақ нұрлы.

Мақаланы редакциялап ұсынған газеттің арнаулы тілші Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

қазіргі таңда екенің бірі біледі. Кезінде ата-бабаларымыз мекендеп, ұрпақ жайған сол аймақтарда әлі күнге қандастарымыз, туыс-бауырларымыз ғұмыр кешуде. Ел тарихын зерттеп, зерделеп жүрген саналы, ұлтжанды ұл-қыздарымыз да жетерлік. Төмендегі деректі жіберген Жадыра Бүкірбаева қарындасыма шексіз алғысымды білдіре отырып, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Қызықты мәліметтер сіздерді де бейжай қалдырмасы анық!

Науаи облысына қарасты Үшқұдық ауданындағы Алтын-тау ауылынан шығып, бірнеше төбелерден өткеннен кейін, шығыс жағында 5-6 шақырымдай жерде «Ерлер ата» зиарат орны бар. Таудың дәл ортасында орналасқан бұл жер таза ауасымен, әсем табиғатымен назарыңызды аударады. Ең бастысы, бұл жерде тастардың арасынан шығып жатқан бұлақ бар.

«Ерлер ата» кім болды? Өткен тарихтан хабардар, білетін адамдардан сұралып, тарихи деректер алынды. Бұл араб ұлтынан шыққан азаматты діни және дүниетанымдық білімі күшті болғандықтан, араб халифаты Орта Азияға исламды насихаттауға жіберген деседі. Ол саналы ғұмырын халық арасында ислам дінін насихаттауға арнап, қартайған шағында осы тауды өз үйіне айналдырған адам саналады. «Ерлер ата» зиарат орны ғажайып табиғатымен, шипалы бұлақ суымен көпшілікті қызықтыратын киелі орындардың бірі саналады. Халыққа қызмет етіп жатқан шипалы да, қасиетті мекен.

Мақаланы редакциялап ұсынған газеттің арнаулы тілші Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ С.Қ. САТАЕВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗЕДІ

Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаев 2023 жылдың 31 наурыз күні сағат 16.00-де тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Кездесу орны «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы.

Халықтан сұрақтармен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды.

Анықтама үшін телефон (8-71039)5-30-06

Электрондық пошта мекенжайы: Prio_akimat@krg.gov.kz

АКИМ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК САТАЕВ С.К. ВСТРЕТИТСЯ С ЖИТЕЛЯМИ И ПРОВЕДЕТ ЛИЧНЫЙ ПРИЕМ

Аким города Приозерск Сатаев С.К. 31 марта 2023 года в 16.00 ч. встретится с жителями и проведет личный прием.

Месте встречи ЦДЮТ «Достық».

Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа.

Телефон для справок (8-71039)5-30-06

Адрес электронной почты: Prio_akimat@krg.gov.kz



ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

2023 жылдың 31 наурыз күні сағат 16.00-де «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала әкімі С.Қ. Сатаевтың қала тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Ұсыныстар мен ескертулерді жинауға арналған жәшіктер келесі мекенжайлар бойынша орнатылады:

№	Жәшіктер орны	Мекен-жай
1	Приозерск қаласының әкімі аппараты	Пушкин к., 7
2	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы – Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Приозерск қ. бөлімінің ғимараты	Космонавтар к., 1
3	Қалалық пошта ғимараты	Пушкин к., 9
4	Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы ғимараты	Балхаш к., 5
5	Қалалық орталық аурухана ғимараты	Транспортная к., 19

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

31 марта 2023 года в 16.00ч. в ЦДЮТ «Достық» пройдет встреча акима г. Приозерск С. К. Сатаева с населением.

Ящики для сбора предложений и замечаний будут расположены по следующим адресам:

№	Местоположение ящиков	Адрес
1	Здание аппарата акима города Приозерск	ул. Пушкина, 7
2	Здание отдела г. Приозерск по обслуживанию населения - филиала НАО «государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Карагандинской области	ул. Космонавтов, 1
3	Здание городской почты	ул. Пушкина, 9
4	Здание отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства	ул. Балхашская, 5
5	Здание городской центральной больницы	ул. Транспортная, 19

МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ ЕНДІ 5 ҚАЗАНДА МЕРЕКЕЛЕНЕДІ



Қазақстанда педагогтардың кәсіби мерекесі – Мұғалімдер күні енді 5 қазанда атап өтіледі. ҚР Үкіметі тиісті қаулы қабылдады, деп хабарлайды ortalyq.kz ҚазАқпарат сайтына сілтеме жасап.

Үкіметтің ресми сайтында жарияланған мәліметтерге қарағанда, мемлекеттік мерекелер тізіміне сәйкес, республикада Мұғалімдер күні осы уақытқа дейін қазан айының бірінші жексенбісінде тойланып келді. Енді бұл мереке 5 қазанда әлемнің 100-ден астам елі атап өтетін Дүниежүзілік

мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді. Мұғалімдер күні – білім беру саласындағы қызметкерлердің барлығына ортақ кәсіби мереке. Бұл күні ұстаздар қауымының қоғам дамуындағы рөлі мен еңбегі, оған қосатын зор үлесі аталып өтіледі. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 556 мың педагог еңбек етеді.



«ТЕРРОРИЗМ АКТИСІ ТУРАЛЫ КӨРІНЕУ ЖАЛҒАН ХАБАРЛАУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК»

Приозерск қаласының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің «Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау» 273-бабына сәйкес, дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау үшін бес мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімде бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын еске салады.

Терроризм туралы хабарлар көп уақыт пен ресурстарды алады. Оқиға болған жерге полиция, құтқарушылар, кинологтар, өрт сөндірушілер, жедел жәрдем көрсету бригадасы, тергеу-іздістіру топтары шығады. Ұйымдардың қалыпты жұмыс тәртібі бұзылады. Бұдан бөлек бірталай күш пен құралдар

жұмсалады. Құзыретті органдармен жұмсалған шығындар кінәлі тұлғадан, заңбұзушылық кәметке толмағандармен жасалған болса, олардың ата-анасынан немесе қамқоршыларынан өндіріледі. Сондай-ақ теракт туралы көрінеу жалған хабарлау адамдарды эвакуациялау кезінде дүрбелең мен құрбандыққа әкеліп соқтырады.

Сонымен қатар қазіргі таңда, Бас Прокуратура мен мүдделі мемлекеттік органдар терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлауды жеті жылға дейін бас бостандығынан айыра отырып ауыр қылмыстар санатына жатқызу және қылмыстық жауапкершілікті үдейту сұрағын талқылауда екенін назарларыңызға салады.

*Приозерск қаласының
прокуратурасы*

«ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЛЖЕТЕРРОРИЗМ»

Прокуратура г.Приозерска предупреждает, заведомо ложное сообщение о терроризме согласно статье 273 Уголовного кодекса Республики Казахстан «Заведомо ложное сообщение об акте терроризма» наказывается штрафом в размере до пяти тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Сообщения о терроризме отнимают много времени и ресурсов. На место происшествия выезжает полиция, спасатели, кинологи, пожарные, бригады скорой помощи, следственно-оперативные группы. Нарушается нормальный режим работы организаций. Кроме того, идет

значительное отвлечение сил и средств. Затраты уполномоченных органов взыскиваются с виновного лица, в случае совершения правонарушения несовершеннолетними, с родителей либо опекунов. Случается, что ложные сообщения о теракте приводят к панике и жертвам при эвакуации людей.

Одновременно сообщаем, в настоящий момент Генеральная прокуратура и заинтересованные государственные органы прорабатывают вопрос об усилении уголовной ответственности за лжетерроризм и отнесении его к категории тяжких преступлений с лишением свободы до семи лет.

*Прокуратура города
Приозерска*

НЕ ПЛАТИТЕ ДЕНЬГИ ЗА БАНКРОТСТВО: ЖИТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА ПРЕДОСТЕРЕГАЮТ ОТ МОШЕННИКОВ

В Комитете госдоходов напоминают, что процедура внесудебного банкротства абсолютно бесплатна и не требует услуг посредников

Более 11 тысяч человек уже подали заявления на оформление внесудебного банкротства. Такая возможность появилась у казахстанцев с 3 марта, сообщает Orda.kz со ссылкой на Комитет государственных доходов МФ РК.

«Заявления граждане могут подать не приходя в ЦОНЫ, через портал электронного правительства (eGov.kz.), а также в мобильном приложении «e-Salyq Azamat» или «eGov Mobile», — рассказали в ведомстве.

В КГД предупреждают, что возле отдельных ЦОНов, участились случаи предложения посреднических услуг для оформления документов на банкротство за денежное вознаграждение.

«Внесудебное банкротство по долгу не более 5,5 млн.тенге является абсолютно бесплатной процедурой. Нужно просто обратиться к операторам ЦОН-ов или сотрудникам органов государственных доходов, которые проконсультируют и разъяснят порядок оформления», — пояснили в Комитете.

Также в ведомстве отмечают, что мож-

но задать вопросы, позвонив по номеру 1414 или написать в Telegram чат-бот.

Напомним, с 3 марта казахстанцы, которые не способны погасить взятые кредиты, смогут подать заявления о признании их банкротами. Закон о банкротстве физических лиц предусматривает три вида процедур банкротства – судебное, внесудебное и восстановление платежеспособности.

Приём заявлений и автоматическая сверка с данными заинтересованных государственных и иных органов на предмет соответствия должника входным критериям проводится посредством информационной системы.

Главное, что должны понимать граждане: это не кредитное списание. Так как за признанием себя банкротом последуют такие последствия как:

- человек не сможет брать кредиты в течение пяти лет (кроме получения микрокредитов ломбардов);
- повторное банкротство возможно только через семь лет;
- финансовое состояние будут проверять три года после банкротства.

orda.kz

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Урумбетова Азамат Айдарбековича, умершего 23 февраля 2023 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым гр. Урумбетова Азамат Айдарбекович, имел обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Сайлау Смагуловичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 2. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Жапарбердиева Жаксылык Жапарбердиевича, умершего 07 сентября 2022 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым гр. Жапарбердиев Жаксылык Жапарбердиевич, имел обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Сайлау Смагуловичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 2. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №10/36, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.